

«Телефон нөмірі арқылы VISA картасына ақшалай аударым ал және iPhone ұтыс ойынына қатыс» акциясының ережелері

1. Осы Ереже арқылы **«Телефон нөмірі арқылы VISA картасына ақшалай аударым ал және iPhone ұтыс ойынына қатыс»** акциясын (бұдан әрі – «Акция») өткізу тәртібі мен талаптары белгіленеді.
2. Акцияның жеңімпазы осы Ережеде көрсетілген критерийлерге сәйкес айқындалады.
3. Акцияның ұйымдастырушысы болып Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 38 мекенжайы бойынша орналасқан «Банк ЦентрКредит» АҚ (БСН 980640000093) (бұдан әрі – «Банк») табылады.
4. Акцияның серіктесі:
 - 4.1. Visa International Service Association (Виза Интернэшнл Сервис Ассосиэйшн) атынан Виза Глобал Холдингс ЛЛС компаниясының (бұдан әрі – «Visa») Алматы филиалы;
5. Акция «Ойын бизнесі туралы» ҚР заңына және сәйкесінше «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» ҚР заңына сәйкес мағынасы мен анықтамасы бойынша құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.
6. Акцияға қатысу үшін ақы алынбайды.
7. Акцияға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын, тұруға ықтиярхаты бар, осы Ереженің барлық талаптарын орындаған жеке тұлғалар (бұдан әрі – «Акцияға қатысушы») қатыса алады.
8. Акцияға келесі тұлғалар қатыспайды және қатыса алмайды: кез келген белгілер және кез келген нысан бойынша Акцияны ұйымдастырушымен немесе Серіктесімен үлестес тұлғалар, соның ішінде қызметкерлер, олардың жақын туыстары (жұбайы, ата-аналары (ата-анасы), қызы, ұлы, асырап алушылар, асырап алған балалары, ата-анасы бір, сондай-ақ ата-анасы бөлек аға-інілері және әпке-қарындастары, әжесі, атасы, немерелері), Қазақстан Республикасының бейрезиденттері және осы Ереженің 7-бабында көрсетілмеген өзге тұлғалар.
9. Акцияның жүлде қоры:

№	Жұлденің атауы	Жұлделердің жалпы саны	Жеңімпаздар саны
1	iPhone SE, 128 GB, Midnight мобильді телефоны (бұдан әрі – Жұлде)	8	Негізгі - 8 Резервті - 4

10. Акцияны өткізу кезеңі: 2022 жылғы 16 қыркүйекте 00 сағат 00 минуттан бастап 2022 жылғы 16 қазанда 23 сағат 59 минутқа дейін (бұдан әрі – «Акция кезеңі»).
11. Акцияға қатысу талаптары:
 - 11.1. Қолданыстағы VISA төлем карточкасын ұстаушы болу;
 - 11.2. Акция өткізілетін кезеңде телефон нөмірі арқылы VISA картасына ақша аударымын алу:
 - Аударымдар саны шектелмеген;
 - Телефон нөмірі арқылы Visa картасына аударылатын әрбір аударым Акцияға қатысады;
 - Аударымдардың мөлшері шектелмеген;
 - Акцияның бір қатысушысына тиесілі телефон нөмірі арқылы Visa карталары арасында меншікті қаражатты аударуға рұқсат етіледі.
12. Акцияға осы Ереженің 11-бабында көрсетілген талаптарды толықтай орындаған Қатысушылар қатысады;
13. Акция аяқталғаннан кейін қатысатын транзакциялардың тізімі Visa тарапынан Ұйымдастырушыға жіберіледі.
14. Акцияның жеңімпаздарын айқындауды (негізгі және резервті) Ұйымдастырушы Visa ұсынған қатысушы транзакциялар тізімінің арасынан 2022 жылғы 24 қазанда Алматы қ. уақытымен сағат

00:00-де осы Ереженің талаптарын толық орындаған Акцияға қатысушылардың арасынан random.org сайтында кездейсоқ таңдау әдісімен жүзеге асырады.

15. Ұйымдастырушы осы Ереженің 13-бабына сәйкес Жеңімпазды анықтаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жеңімпаздарға клиенттермен байланыс орнатудың негізгі арнасы (мобильді телефон / мессенджер) арқылы ұтыс туралы хабарлайды.
16. Акция жеңімпаздарының тізімі Ұйымдастырушының сайтында және әлеуметтік желілерінде жариялануы қажет.
17. Акция аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы акцияның өткізілгенін растау үшін Visa компаниясына Жеңімпаздардың тізімі көрсетілген сайтқа сілтеме жолдайды.
18. Егер Жеңімпаз 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ұйымдастырушының қоңырауына жауап бермесе немесе Жұлдеден бас тартса, Ұйымдастырушы бірінші резервті жеңімпазға хабарласады, бірінші резервті жеңімпазбен хабарласу мүмкін болмаған жағдайда екіншісімен хабарласады және т.с.с.
19. Жеңімпаз Ұйымдастырушының сауалы бойынша мессенджер немесе электронды пошта арқылы келесі ақпаратты ұсынуға міндеттенеді: Аты-жөні, жеке тұлғасын куәландыратын құжат, пошталық индексімен нақты тұратын мекенжайы, байланыс телефоны, электронды пошта мекенжайы.
20. Ұйымдастырушы жүлдені осы Ереженің 17-бабында көрсетілген ақпарат алынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде _____ мекенжайы бойынша орналасқан Ұйымдастырушының офисінде Жеңімпазға жеке табыстайды немесе Жеңімпаздың пошталық мекенжайына (Жеңімпаз ұсынған) жөнелту арқылы табыстайды. Жұлдені алған кезде жеңімпаз жеке тұлғасын куәландыратын құжатты ұсынып, қабылдау-өткізу актісіне қол қоюы және Жұлдемен суретке түсуі қажет.
21. Ұйымдастырушы мен Серіктес өздеріне байланысты болмайтын кез келген себептермен Жеңімпаздың жүлдені алуға мүмкіндігі болмағаны үшін жауап бермейді.
22. Ұйымдастырушы мен Серіктес Жеңімпаздың жүлдені бұдан әрі пайдалануы үшін жауап бермейді.
23. Егер жүлде осы Ереженің 19-бабында көрсетілген себептермен алынбаса, оны Жеңімпаз қайта талап ете алмайды. Мұндай жүлделерді алмау бойынша шағымдар қаралмайды.
24. Жеңімпаздар алған жүлделер айырбасталмайды және қайтарылмайды. Жұлделер ақшалай берілмейді.
25. Акция туралы, Акцияға енгізілген маңызды өзгерістер, Акцияның Жеңімпаздары туралы және өзге ақпарат Instagram желісінің @visakz_official парақшасында, Ұйымдастырушының www.bcc.kz сайтында және Ұйымдастырушының әлеуметтік желілерінде жарияланады.
26. Ұйымдастырушы мен Серіктес ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Акцияға қатысушыларды және барлық мүдделі тұлғаларға осы Ережеде белгіленген әдістермен ол жөнінде хабарлап, кез келген уақытта Акцияны өткізу мерзімін, талаптарын, жүлде қорын толықтыруға және/немесе өзгертуге, сонымен қатар өз қалауы бойынша Акцияны өткізуді жалпы немесе ішінара тоқтатуға, уақытша тоқтата тұруға, өткізуден бас тартуға құқылы.
27. Ұйымдастырушы мен Серіктес Акцияға қатысушының шығындарын қосқанда, оның қателіктерінің қандай да бір салдары үшін жауап бермейді.
28. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы Ұйымдастырушы мен Серіктеске даусыз, сөзсіз және кері қайтарылмайтын тәртіппен Қатысушының аты-жөнін, дербес деректерін, сұхбаттарын немесе ол туралы өзге материалдарды, оның Акцияға қатысуына байланысты ақпаратты, оған қоса Акцияға қатысушының фото мен бейне түсірілімдерін пайдалануға, сонымен қатар Акция туралы жарнамалық ақпаратты тарату кезінде Акцияға қатысушымен жасалған фото және бейне жазбаларды шектеусіз мерзімге және шексіз аумақта пайдалануға және осындай пайдалану үшін кез келген сыйақы төлемеуге құқық береді.
29. Жұлдені қабылдауға келісе отырып және өзінің дербес деректерін ұсынып, Қатысушы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы

№ 94-V заңында көзделген қағидаларға сәйкес Акцияны өткізу мақсатында оны өткізудің барлық мерзімі ішінде және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде Ұйымдастырушы мен Серіктестің жинақтауды, жүйелеуді, жинауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), жүктеп алуды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді, бұғаттауды, өшіруді, жоюды қосқанда, ұсынылған дербес деректерді өңдеуіне келісім бергенін растайды. Аталған келісімді қатысушы кез келген уақытта Ұйымдастырушының келесі мекенжайына табысталғаны туралы хабарламамен сәйкес тапсырыс хат жолдау арқылы кері қайтарылуы мүмкін: «Банк ЦентрКредит» АҚ, ҚР, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 38

30. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының Ұйымдастырушы мен Серіктестің қатысушының дербес деректерін Акцияны өткізу мақсатында қажетті кез келген әдістермен және осы Ережеде көзделген тәртіппен өңдеуіне келісімінің еркін, нақты, ақпаратты және саналы белгісі болып табылады.
31. Дербес деректер болып осы Ереженің мақсаттарында тікелей немесе жанама айқындалған немесе айқындайтын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат түсіндіріледі.
32. Акцияға қатысушының Акцияға қатысуға байланысты өз құқықтарын (соның ішінде Жүлдені алу құқығын) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы болмайды.
33. Акцияға қатысу фактісі Акцияға қатысушының осы Ережемен танысқанын және онымен келісетінін білдіреді. Ережемен келісу толық әрі сөзсіз болып табылады.
34. Акцияның барлық нәтижелері, сонымен қатар Ұйымдастырушы мен Серіктестің шешімдері түпкілікті болып табылады және шағым беруге жатпайды.
35. Ұйымдастырушы мен Серіктес осы Ережеде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды және даулы жағдайлар орын алған кездегі жағдайларды қоспағанда Акцияға қатысушылармен жазбаша келіссөз жүргізбеуге немесе өзге байланыс орнатпауға құқылы.
36. Осы Ережеде көзделмеген жағдайларда түпкілікті шешімді Ұйымдастырушы қабылдайды.
37. Акцияға қатысуға, ұтыс-ойындарын өткізуге, Жүлделерді ұсынуға және т.б. байланысты қандай да бір мәселелер туындаған кезде Акцияға қатысушы zhanar.mustafina@bcc.kz электронды мекенжайына хат жазу арқылы Ұйымдастыруға жүгінуі мүмкін. Жауап хатты Ұйымдастырушы Акцияға қатысушыдан хатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жөнелтеді.
38. Осы Ереже Акцияның ресми құжаты болып табылады.